


Қостанай облысының аумағында археологиялық зерттеулер жүргізген белгілі ғалымдары

Логвин Виктор Николаевич



Логвин Виктор Николаевич 1943 жылы 10 қыркүйекте Украина Республикасы Чернигов облысында дүниеге келген. 1973 жылы Қостанай педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдап, жолдамамен Торғай облыстық өлкетану музейіне (Арқалық қаласы) жұмысқа жіберілді. Бұл мекемеде 1973–1977 жылдары аралығында алдымен аға ғылыми қызметкер, кейін революцияға дейінгі тарих бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1977 жылдан Қостанай педагогикалық институтында сабақ берді, онда археологиялық зерттеулер зертханасын құрды және Торғай археологиялық экспедициясын басқарды. Оның басшылығымен тас пен қола дәуірлерінің жүздеген ескерткіштері ашылды. Виктор Николаевичтің басты ғылыми жаңалығы Торғай ойсымында таралған (Қостанай облысы, 1978 ж.) Маханджар неолиттік мәдениеті (б.з д. VII–V мыңжылдық) болып табылады.

1988 жылы КСРО Ғылым академиясының Археология институтының диссертациялық кеңесінде 07.00.06 – археология мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Неолит және дала теңізінің энеолиті» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

1998 жылы Сургут мемлекеттік университетіне тарих кафедрасының доценті қызметіне шақырылды, ал 2000 жылдан бастап аталмыш университетте тарих факультетіндегі «Обь өңірінің археологиясы» оқу-ғылыми зертханасының меңгерушісі болып тағайындалды. 2002 жылы Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Археология және этнография институтында 07.00.06 – археология мамандығы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. 2005 – 2011 жылдары археология, ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасын басқарды. Қазіргі уақытта жалпы тарих және археология кафедрасының профессоры. Оның ғылыми зерттеу бағыты – Еуразия халықтарының археологиясы мен көне тарихы. 100-ден астам ғылыми

еңбектің авторы, сондай-ақ бірқатар оқу-әдістемелік құралдар дайындаған. Халықаралық, бүкілодақтық, бүкілресейлік конференциялар, симпозиумдар, съездер мен семинарларда ғылыми баяндамалар жасаған.

Қостанай өңірінде жұмыс істеп жүрген кезде, шәкірттер тәрбиеледі. Мәселен, өз баласы А.Н. Логвин қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ археология лабораториясының жетекшісі, PhD докторы. Сонымен қатар шәкірттері Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері Ғ.А. Базарбаева тарих ғылымының кандидаты, Т.Н. Лошакова және Б.М. Хасенова.